

## Алматы және Жамбыл облыстарының шекараларын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 648 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-1) тармақшасына және Алматы мен Жамбыл облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қаулы етеді:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Алматы облысының Жамбыл ауданы жерлерінің жалпы ауданы 1091,78 гектар бөлігін Жамбыл облысы Қордай ауданының шекарасына қосу жолымен Алматы және Жамбыл облыстарының шекаралары өзгертілсін.

2. Алматы және Жамбыл облыстарының жергілікті атқарушы органдары осы қаулыны іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 2 қыркүйектегі  
№ 648 қаулысына  
қосымша

## Жамбыл облысының шекарасына қосылатын Алматы облысының жерлері бөлігінің экспликациясы

Р/с №	Жер пайдаланушылардың/жер алабының атауы	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің ауданы, гектар	Оның ішінде	
				жайылым, гектар	басқа алқаптар
1	2	3	4	5	6
1.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Гвардейск аудандық пайдалану бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	03-045-226-009	1050,3079	-	1050,3079
2.	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің "Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми зерттеу институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	03-045-226-005	6,72	-	6,72
3.	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің "Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми зерттеу институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	03-045-226-006	0,9		0,9

4.	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің "Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми зерттеу институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	03-045-226-008	20,55	-	20,55
5.	Манабаева Ақмарал Қондыбайқызы	03-045-226-010	0,1815		0,1815
6.	Манабаева Ақмарал Қондыбайқызы	03-045-226-011	0,3258		0,3258
7.	Манабаева Ақмарал Қондыбайқызы	03-045-226-012	0,4249		0,4249
8.	Манабаева Ақмарал Қондыбайқызы	03-045-226-013	2,0499		2,0499
9.	Жер алабы (бұрынғы "Алматы" әскери бірлескен шаруашылығының жерлері)	03-045-226	10,32	2,82	7,5
	Барлығы		1091,78	2,82	1088,96

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК